

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

*Меңгеруші жанындағы
кеңес хаттамалары
2023-2024 оқу жылы*

Күн тәртібі:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру қорытындысы
2. Бастапқы мониторинг қорытындысы
3. «Күз береке, күз мереке» ертеңгілігінің сценариімен танысу, бекіту
4. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту
5. Семинар кестесін бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Шокпарова К.Т.«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру қорытындысымен таныстырып өтті.

Ересек,мектепалды, ортаңғы тобында тәрбиешілер дамыту ортасын жабдықтаған, көрнекі құралдар бала санына сай түгелденген. Топты рәсімдеу эстетикалық талапқа сай. Балалар қауіпсіздігі ескерілген. Кітаптар мен ойыншықтар балалар көз мөлшерінде орналастырылған.

Сонымен бірге мына кемшіліктердің анықталғанын ескертті. Қоршаған ортамен таныстыру туралы альбомдар түрі аз, кітаптар ескірген, жыртылған. Сабактар, асхана, табиғат орталығы бойынша кезекшілік графигі бар. Кезекшілікке арналған заттар жиынтығы (алжапқыштар, үшкіл орамалдар, шөткелер, шүберектер, шелектер) бар.

Ересек,мектепалды, ортаңғы топтарында орталықтарға бөлінген, жарықтандыру талапқа сай, ойыншықтармен толық қамтамасыз етілгенін айта келе анықталған кемшіліктерді ескертті: терезелер мен шкафтарда биік ойыншықтар мен гүлдер тұр.

Топтарда бөлмені желдету кестесі бар.

Ортаңғы топты қалыптастыру басқа топтарға қарағанда жақсы, бұрыштар жақсы жасақталғанын, топта қимылды ойын және сюжетті рөлді ойын атрибуттары жасалғанын айтып өтті. Сонымен бірге дене шынықтыру құралдар түрлері жеткіліксіз және тақырыштарға арналған альбомдар түрлері аз екенін ескертті.

Тәрбиешілер бұл ұсыныстың орынды екенін айтып, алдағы уақытта толықтыруға уәде берді.

балабақша меңгерушісі Шокпарова К.Т. орын алған кемшіліктерді 15.10.2022ж. дейін орындау керектігін қадап айтты.

2.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Шокпарова К.Т. бастапқы мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті.Педагогикалық диагностика-

Бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қорытынды мониторинг кезінде жасалынатынын айтып өтті. балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші – жоғары деңгей болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

3.Тыңдалды«Күз береке, күз мереке» ертеңгілігінің сценарийімен тәрбиешілер таныстырып өтті. Ортаңғы топта ертеңгілік түрінде жобаланған. Такпақтар, әндер және сахналау бағдарлама талаптарына сай дайындалған. Балаларға үлкендердің еңбегін құрметтеу, өз өлкесіне мақтаныш сезімдерін ұялату мақсаты қойылған.

Мектепалды, ересек топқа арналған ертеңгілікте әндер, такпақтар, билер бала жасына сай дайындалған. Ертеңгілікте сахналау, сюрприз сәттері жобаланған.

ббалабақша әдіскері Жетмекова. зал ішін безендірілуіне тоқталып, үлкен плакат ілуді ұсынды. Бұл тапсырманы тәрбиеші тапсырды. Ертеңгілікті 17-24 қазанда өткізуді ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

Қаулы:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер жойылсын. Мерзімі 15.10.2023 жылға дейін.
- 2.Бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша үлгілік бағдарламаны игеру II-деңгей. Бұл көрсеткіш жоғарылатылсын. Мерзімі 28.12.2023 жылғы аралық мониторинг өткізілгенге дейін.
3. «Күз береке, күз мереке» ертеңгілігінің сценарийлері бекітілсін. 17-24 қазан күндері өткізілсін.

Балабақша меңгерушісі
Хатшысы:

Шокпарова К.Т.
Мұсағалиева Арайлым Ержанқызы

№2 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамалары

14.11.2023 ж.

Қатысқандар саны - 9

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Шолу тексеру қорытындысы
«Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)»
3. «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» сценарийімен танысу, бекіту
4. Семинардың қорытындысы

1.Тыңдалды балабақша әдіскері Жетмекова өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталды. Шолу «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанын, сондай-ақ топтарда білім саласы көрнекіліктерді көбейтілгенін айтып өтті. Сонымен бірге «Менің елім – мәңгілік ел» апталығының өткізілуіне тоқталды. Ортаңғы тобының тәрбиешілері ашық тәрбие сағаты «Тәуелсіздікке 31 жыл » ертеңгілігі өткізілгенін, балаларға такпақты мәнерлеп оқу, мақал-мәтел айту

«Күншуақ топ тәрбиешілері «Тәуелсіздік деп соғады жүрегім» атты ертеңгілік өткізіп балалар 50%өте жақсы қатысқанын айтып өтті.

Көрнекі құралдар алдын ала дайындалған. 50% бала толық қатысты. Балаларға тілін, өлкесін сүйеге, құрметпен қарау сезімдері қалыптасты деуге негіз бар екенін айтып өтті. Орталықта тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды. Меңгеруші келісім берді.

2.Тыңдалды балабақша әдіскері Жетмекова «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)» шолу тексеру нәтижесіне тоқталып өтті. Шағын орталықта таңертеңгілік жаттығуларына арналған керекті құралдар жасалғанын және онымен жаттығулардың жасалып жатқанын айтып өтті. Дегенмен шынықтыру жаттығуларының түрлері көп қайталана жоспарланатынын, жүйелі жүргізілмейтініне тоқталды. Сонымен бірге керекті құралдар түрін көбейту керектігін, шынықтыру жаттығуларының картотекасын жасауды ұсынды. Сонымен бірге керекті әр айдың 1 аптасында затсыз, 2 аптасында затпен орындау жаттығулары жобалану керектігін ескертті. Тәрбиешілер айтылған кемшіліктің орынды екенін айтып, орындауға уәде берді.

3. Тыңдалды «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» сценарийімен балабақша тәрбиешілері таныстырып өтті. Ертеңгілік мақсаты балалардың туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру, отанын сүйе екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

балабақша әдіскері Жетмекова балалар әндері мен тақпақтары бала жасына сай дайындалғанын айтып, ертеңгілікті 13.12.2023 ж. өткізуді ұсынды. Сонымен бірге зал ішін ертеңгілікке сай безендіруді шарасы менгерушісіне тапсырды. Тәрбиешілер толық келісім берді.

4.Тыңдалды балабақша әдіскері Жетмекова жылдық мақсатты орындау барысында балабақша ішілік семинар өткізілгеніне тоқталып өтті. Мақсаты: «Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салты туралы білім мен дағдыларын қалыптастыру». Мақсаттарды орындау бойынша тәрбиеші «Мектепке дейінгі жастағы балаларға патриоттық тәрбие беру жүйесі» тақырыбында баяндамалар оқып өз ойларымен бөлісті. Баяндама бала- отбасының жеміс берер гүлі, алтын тіреу дінгегі болғандықтан да, тәрбиенің негізі осы кішкентай нәресте кезден басталуы керек.

Ұлттық тәрбие бесіктен басталады. Отбасындағы ата мен әженің, әке мен шешенің, апа-қарындас, аға-інінің бір-бірімен күнделікті өмірдегі қарым-қатынасы, мінез-құлқы – ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы екенін сөзге тиек етті балаға мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдеріс арқылы қазақстандық рухани құндылықтарға сай адамгершілік, мәдениет негіздері дариды. Ұлттық мінез-құлық, талғампаздық, талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыру жайлы айтып өтті.

Сонымен бірге балабақша әдіскері Жетмекова «Ботақан» тобының тәрбиеші «Қуыршақ ойыншығымен ойнадық » атты ашық оқу қызметінің өтілуіне тоқталды. Оқу қызметі балажасына сай тәрбиеші тәрбие жұмысына жағдай жасаған,

көрнекілік талапқа сай. Білім бөлімдері сабақтастырылған. Балалар қатысуы белсенді. Оқу қызметінің өтілуі «жақсы» деп бағаланды.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (Күн тәртібіндегі таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер орындалсын. Мерзімі 12.12.2023ж.
3. «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» сценарийі бекітілсін. Ертеңгілік
13.12.2023ж.
4. Семинардың өтілуі қанағаттанарлық.

Кеңес төрағасы:
Хатшысы:

Шокпарова К.Т.
Мұсағалиева Арайлым Ержанқызы

18.01.2024 ж.

№3 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамалары

Қатыскандар саны - 8

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Аралық мониторингтің қорытындысы
3. «Ана өмір шуағы» мерекелік ертеңгіліктің сценарийімен танысу, бекіту
4. Семинардың күн тәртібін бекіту, өткізу

1.Тындалды балабақша әдіскері Жетмекова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер»(Күн тәртібіндегі таңертеңгілік жаттығуларының жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы) өтілуі бойынша анықталған кемшіліктер өз уақытында орындалып жатқанын айтып өтті. Таңертеңгілік жаттығулары картотекасы жасалды, оған арналған керекті құралдар жасалғанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақша әдіскері Жетмекова «Елімнің бақынын тербеткен Тәуелсіздік»

ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды. Ертеңгілікке топтар белсенді қатыстырылды. Такпақтар, әндер Қазақстан Республикасы туралы таңдалған. Балалар әнді көтеріңкі көңіл күймен орындады.

Балаларға патриоттық тәрбие беру негізі қалыптасты деп бағалауға болатынын айтып өтті.

2.Тыңдалды әдіскер Жетмекова аралық мониторингтың қорытындысы бойынша балалардың білім сапасын анықтау, индикаторлар жүйесі бойынша есебі.

Мониторинг баламен жүргізілді.

3.Тыңдалды балабақша әдіскері Жетмекова

Қаулы:

5. Өткен кенестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
6. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (Күн тәртібіндегі таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер орындалсын. Мерзімі 12.12.2023ж.
7. «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» сценарийі бекітілсін. Ертеңгілік 14.12.2023ж.
8. Семинардың өтілуі қанағаттанарлық.

Кенес төрағасы:

Шокпарова К.Т.

Хатшысы:

Мұсағалиева Арайлым Ержанқызы